

1999-2000 жылдарға арналған этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік реттеуді күшейту жөніндегі бағдарлама туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 қыркүйек N 1443

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 1999-2000 жылдарға арналған этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік реттеуді күшейту жөніндегі бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999-2000

жылдарға арналған этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік реттеуді күшейту жөніндегі бағдарламаны кезең-кезеңмен іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 23 қыркүйектегі
N 1443 қаулысымен
бекітілген

Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді
және оның айналымын мемлекеттік
реттеуді күшейту жөніндегі
1999-2000 жылдарға арналған бағдарлама

Атауы Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді
және оның айналымын реттеуді күшейту жөніндегі
1999-2000 жылдарға арналған бағдарлама

Бағдарламаны Қазақстан Республикасы Президентінің

әзірлеу туралы "Қазақстан-2030" стратегиясы және Қазақстан
шешім дамуының 1998-2000 жылдарға арналған
стратегиялық жоспары

"Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын
мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетті құру туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27.01.98 жылғы
N 38 қаулысы

Бағдарламаның мақсаты Өндірушілердің, тұтынушылардың және мемлекеттік
органдардың арасындағы өзара байланыстардың
бүкіл жүйесін тәртіпке келтіру негізінде этил
спирті мен алкоголь өнімін өндіруден және оның
айналымынан кірістердің барынша толық түсуін
қамтамасыз ету

Қазақстандық тауар өндірушілерді отандық өнімнің
сапасы мен бәсекелестік қабілетін міндетті
түрде арттыра отырып қорғау

Бағдарламаның міндеттері Мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді
шешу көзделінеді:

- этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру мен
оның айналымын және спирт пен алкоголь өнімін
өндірудің және сатудың баланстарының жүйелерін
жүргізудің негізінде бюджетке тиісті салықтардың
жиналуын жаппай бақылауды және ұйымдастыру
сипатындағы басқа да шараларды ұйымдастыру;

- этил спирті мен алкоголь өнімін заңды
өндірушілердің ұтымдылығы мен мүдделілігін арттыру
үшін экономикалық жағдайлар жасау және ресми емес
өндірістегі тиімділікті төмендету;

- этил спирті мен алкоголь өнімінің барлық
түрлерінің өндірісін ресмилендіру;

- этил спирті мен алкоголь өнімін ресми емес өндіру

мен оның айналымына қарсы күрес;

- импортты бақылауды күшейтуді ескере отырып алкоголь рыногын тәртіпке келтіру және протекционистік сипаттағы шараларды қоса алғанда, отандық тауар өндірушілердің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін жағдайлар жасау;

- спирт пен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы саласында салық және кеден саясатын жетілдіру;

- спирт пен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын лицензиялауды қатайту, ұсақ көтерме сауда практикасынан бас тарту және көтерме сату жөніндегі ірі компаниялардың қызметін ынталандыру;

- бірінші кезекте спирт пен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы саласындағы контрабандаға және құқық бұзушылыққа қарсы күрес саласында нормативтік және құқықтық базаны жетілдіру;

- қажетті инфрақұрылымды, бақылау қызметтерін ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етілуін дамыту

Бағдарламаның а) этил спиртіні өндіру мен оның айналымына;

негізгі іс- б) алкоголь өнім өндіру мен оның айналымына;

шаралары в) импорты мен экспортына;

г) көтерме саудаға;

д) бөлшек саудаға бақылау және олардың баланстары жүйесін құру;

- салық салуды жетілдіру;

- алкоголь өнімінің сапасына қойылатын талаптарды жетілдіру;

- этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы саласында бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылы және оны үйлестіру;

- нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
- кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етуді дамыту;
- спирт пен алкоголь өнімін мемлекеттік реттеу және бақылау жүйесінде аймақтық саясатты жетілдіру.

Қаржыландыру - Ақпараттық технологиялық қамтамасыз ету - көздері республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен, халықаралық қаржы ұйымдары қаражатының және демеушілер мен ерікті қайырымдылық қаражатының есебінен;

Бағдарламаны Іс-шараларды орындау ресми рыноктың "көлеңкелі" іске асырудан рынокты кезең-кезеңмен және бірте-бірте ығыстырып күтілетін түпкі шығаруын және шығарылатын өнімнің сапасы мен нәтиже көлеміне қатаң бақылау орнатуға қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1. Бағдарламаның негізгі ережелері

1.1. Кіріспе

Бағдарлама негізгі басымдықтарға: әлеуметтік жағынан - алкоголь өнімін тұтынушыларды сапасыз өнімнен қорғауға және экономикалық жағынан - бюджетке этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруден және оның айналымынан кірістердің барынша толық түсуіне және отандық тауар өндірушілерді қорғауға сүйене отырып ж а с а л д ы .

1.2. Алкоголь өнімі рыногының ерекшелігі

Алкоголь өнеркәсібінің оны, сондай-ақ мемлекеттік де, сондай-ақ тұтастай алғанда қоғамдық тұрғыда да бөлекше көрсететін әлеуметтік, экономикалық және саяси мүдделердің зор спектрін айқындайтын экономиканың айрықша секторы ретінде бірқатар ерекшеліктері бар. Сондықтан ол арнайы реттеуді талап етеді.

Бұл сала өзінің өніміне ішкі және сыртқы рыноктарда тұрақты сұраныстың болуын

орнықты дамытуды, этил спирті мен алкоголь өнімінің қарапайым әрі арзан технологияларымен айқындалатын жоғары ұтымдылығымен сипатталады.

Алкоголь саласының жоғары кірістілігіне байланысты оның қылмыс етек алуы дәрежесі өте жоғары, және осыған орай "көлеңкелі рыноктың" үлесі де жоғары, бұл ресми өндірістің көлеміне және салықтардың түсуіне жағымсыз әсер етеді. Мәселен, 1998 жылы Комитеттің деректері бойынша алкоголь өнімі өндірісі көлемінің сарапшылар базалық ретінде қабылдаған 1985 жылмен салыстырғанда, республиканың алкоголь рыногы сиымдылығын айқындау кезінде мынаны құрады:

- арақ және ликер - арақ бұйымдары бойынша 3794,5 мың дал немесе 29,3 %
 - шарап бойынша 1 1375,7 мың дал немесе 85,4 %
 - шампан бойынша 354,3 мың дал немесе 86,7 %
 - коньяк бойынша 97,2 мың дал немесе 50,6 %
 - сыра бойынша 23095,1 мың дал немесе 73 %.

Басқаша айтқанда, импортты есепке алғанда, барлық алкогольдің 60 %-і шамасы республикада ресми емес сипатқа ие. Бюджеттің ликер-арақ өнімін көлеңкелі өндіруден және оның айналымынан акциздер бойынша шығыны 1998 жылы 3,0 млрд. теңгені құрады (N 2-суретті қараңыз).

Бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру мақсатына сүйене отырып алкоголь сусындарына жоғары салықтар белгілеу дұрыс деп қабылданған. Бірақ бұл мәселені экономикалық принциптерге принциптерінің негізінде қарау салықтық түсімдер шын мәнінде іс жүзінде салықтың мейлінше төмен ставкасы кезінде жоғары болуы (жалтару б а с ы м д ы ғ ы н а з а й т у) м ү м к і н .

Экономикалық тиімділік пайымдарын негізге ала отырып алкогольді сусындарға жоғары салықтар қысқа мерзімді перспективада жоғары кірістер беруі мүмкін деген түйін жасауға болады, бірақ ресми өндірістің деңгейінің төмендеуіне, сөйтіп осының салдарынан салық түсімдерінің төмендеуіне сөзсіз алып келеді (N 1-суретті қараңыз).

Бұдан басқа жоғары салықтар қылмыстың өсуі ынталандырады, бұл өз кезегінде құқық қорғау функцияларына қосымша шығыстарға және әлеуметтік шығындарды ұ л ғ а й т у ғ а а л ы п б а р а д ы .

Алкогольді тұтыну мен денсаулықтың арасындағы байланыс күрделі. Солай дей тұра дәстүрді және заңсыз өндірілген алкогольді сусындардың сапасы мейлінше төмен болатындығын ескере отырып, тұтынушыларды ресми берушілерден сатып алынатын заңды рынокқа оралтуды көтермелеу қауіпсіздік стандарттарының кейбір кепілдігін б е р е д і .

1.3. Проблеманың жай-күйін талдау

Қазіргі сәтте алкоголь өнімі рыногының 66%-і көлеңкелі бизнестің үлесінде. Ресми емес рыноктың ресми рыноктан үстем болуының негізгі себептері мыналар болып

т а б ы л а д ы :

1. Ресми өнімнің акциз және ҚҚС түріндегі ресми және ресми емес өнімнің құнының қазіргі айырмасының бір шөлмек арақтан 43 теңгеге дейін жетуі.

2. Спиртке акциз төлеу кезінде айналым қаражатының бір бөлігінің алынып қ о й ы л у ы .

3. Алкоголь өнімі қозғалысының өндірушіден түпкі тұтынушыға дейін реттелмеушілігі және аралық кезеңдерге іске асыратын пәрменді бақылаудың осының с а л д а р ы н а н б о л м а у ы .

4. Алкоголь өнімінің контрабандасы мен жасырын өндірісінің жоғары деңгейі, нәтижесінде оны бақылаусыз сататын орындардың орасан көп болуы (көтерме рыноктар, базарлар, ларектер, киоскілер және т.б.).

5. Экспорттың реттелмеушілігі. Шекаралас мемлекеттермен және Кеден

одағына мүше елдермен жедел байланыстардың болмауы.

6. Этил спирті мен алкоголь өнімінің заңсыз өндірілгені және оның айналымы үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылық бөлігінде заң базасының жеткіліксіздігі.

7. Тәркіленген мүлік және оны жою жөніндегі материалдық қамтамасыз ету туралы айқын ереженің болмауы.

8. Алкоголь өнімін өндіру мен сату көлемдерін есепке алудың бірыңғай жүйесінің болмауы.

№ 5-суретте алкоголь рыногының бүгінгі күнгі жай-күйі графикалық түрде көрсетілген.

Алкоголь рыногының объектілері:

1. этил спиртіні өндіру және сату;
2. алкоголь өнімін өндіру және сату;
3. импорт және экспорт;
4. көтерме сауда;
5. бөлшек сауда.

Алкоголь рыногы объектілерінің параметрлерін бағалау:

1. Ресми және ресми емес рыноктер үлестерінің ара-қатынасы
(№ 5-суретті қараңыз)

Ресми рынок үлесінің өсуі мынадай іс-шараларды орындаудың есебінен болды:

1) Этил спирті 63%:37%

- спирт өлшейтін аппараттарды орнату (ҚРҮҚ 16.06.98 ж. № 544);

- этил спиртін сату бөлігінде лицензиялау тәртібін қатайту (ҚРҮҚ 16.06.98 ж. N 577 және ҚРҮҚ 19.01.99 ж. N 31);

этил спиртін өндіру мен оның айналымына декларацияларды енгізу (Комитет төрағасының 30.06.98 ж. N 9 бұйрығы), ҚР Әділет министрлігінде 21.07.98 ж. тіркелген, N 539;

- импорттық этил спиртін тек темір жол көлігімен әкелу (ҚРҮҚ 31.12.98 ж. N 1376);

- контрабандаға қарсы күресті күшейту;

- РФ аумағынан этил спиртін әкелуге уақытша шектеулер енгізу (ҚРҮҚ 31.12.98 ж. N 1376);

- Қырғыз Республикасының аумағынан (ҚРҮҚ 05.02.99 ж. N 88), Өзбекстан Республикасының аумағынан этил спирті әкелуге кеден баждарын арттыру (ҚРҮҚ 05.02.99 ж. N 89);

2) алкоголь өнімі 61%:39%

- алкоголь өнімін өндіру көлемдерін есептеу приборларын орнату (ҚРҮҚ 16.06.98 ж. N 544);

- этил спиртін сату бөлігінде лицензиялау тәртібін қатайту (ҚРҮҚ 16.06.98 ж. N 577 және ҚРҮҚ 19.01.99 ж. N 31);

- этил спиртін өндіру мен оның айналымына декларацияларды енгізу (Комитет төрағасының 30.06.98 ж. N 9 бұйрығы, ҚР Әділет министрлігінде 21.07.98 ж. тіркелген, N 539);

- Қырғыз Республикасының аумағынан (ҚРҮҚ 05.02.99 ж. N 88), Өзбекстан Республикасының аумағынан этил спиртін әкелуге кеден баждарын арттыру (ҚРҮҚ 05.02.99 ж. N 89);

- алкоголь өнімінің импортына квоталар бөліну (ҚРҮҚ 29.12.98 ж. N 1351);

- контрабандаға қарсы күресті күшейту;

- лицензиясыз қызметпен айналысатын жосықсыз өндірушілер мен кәсіпорындарды анықтау жөніндегі жедел жұмыс;

3) импорт 57%:43%

- этил спирті мен алкоголь өнімінің импортына лицензиялау енгізу (ҚРҮҚ 29.12.98 ж. N 1351);

- контрабандаға қарсы күресті күшейту алкоголь өнімін сақтауды және көтерме сатуды лицензиялауды енгізу (ҚРЗ 13.06.97 ж. N 121-1);

- этил спирті мен алкоголь өнімінің айналымына декларацияларды енгізу;

- лицензиясыз қызметпен айналысатын кәсіпорындарды анықтау жөніндегі жедел жұмыс;

- этил спиртін пайдаланудың тәртібін енгізу;

4) көтерме сауда: 52%:48;

- алкоголь өнімін сақтау мен көтерме сатуды лицензиялауды енгізу (ҚРЗ 13.06.97 ж. N 1 2 1 - 1) ;
- этил спирті мен алкоголь өнімінің импортының көлемін (квотасын)

орналастыруға арналған конкурстарды өткізудің тәртібі мен шарттарын енгізу (04.06.98 ж. N 4 бұйрық);

- біліктілік талаптарын қатайту (ҚРҮҚ 16.06.93 ж. N 577 және ҚРҮҚ 19.01.98 ж. N 31);

- 12%-тен жоғары этил спиртінің көлемі бар өнімді сатудың тәртібін белгілеу бөлігінде алкоголь өнімінің айналымын ретке келтіру (ҚРҮҚ 16.06.93 ж. N 543):

5) бөлшек сауда 44%:56%

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 16.06.98 ж. N 543 қаулысының қабылдануы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 16.06.98 ж. N 543 қаулысына сәйкес алкоголь өнімін сату тәртібінің атқарылуына бақылау жасау жөніндегі құқық қорғау органдарының жедел жұмысы.

2. Негізгі іс-шаралар

Жоғарыда аталған проблемаларды шешу үшін және өркениетті алкоголь бизнесінің нарықтық принциптеріне басшылыққа ала отырып бағдарламада мынадай нақты іс-шаралар көзделінді.

2.1. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын бақылау мен баланстар жүйесін құру

2.1.1. Этил спирті өндіру саласында:

а) біліктілік талаптары мен лицензиялау ережелерін қатайту;

Мақсаты: өндірілетін спиртің сапасына бақылау жасауды күшейту және этил спирті өндірушілердің санын оңтайландыру;

б) кәсіпорындарда акциз бекеттерін орнату;

Мақсаты: этил спирті өндіру және сату көлеміне бақылау жасауды күшейту;

в) спиртке ең төменгі бағалар белгілеу;

Мақсаты: этил спирті ресми емес өндіруге қарсы күрес, ресми емес

және ресми өндірістер өнімінің бірлігі үшін бағаларды теңестіру

г) спиртті өндірудің ең төмен көлемін белгілеу;

д) лицензиясыз қызметтің жолын кесу жөніндегі жедел жұмыс;

Мақсаты: этил спиртін ресми емес өндіруге қарсы күрес;

е) этил спиртін өндірудің және оның айналымының баланстар жүйесін енгізу (N 6 суретті қараңыз);

Мақсаты: этил спиртінің қозғалысын есепке алу және оған бақылау жасау

ж) этил спиртін босату құжатының бірыңғай нысанын енгізу;

(N 1-қосымшаны қараңыз)

Мақсаты: этил спиртінің айналымына бақылауды күшейту.

2.1.2. Алкоголь өнімін өндіру саласында:

а) есептеуді автоматтандыру;

Мақсаты: жедел есепке алу

б) біліктілік талаптары мен лицензиялау ережелерін қатайту;

Мақсаты: өндірілетін спирттің сапасына бақылау жасауды күшейту және этил спиртін өндірушілердің санын оңтайландыру

в) кәсіпорындарда акциз бекеттерін орнату;

Мақсаты: этил спиртін өндіру және сату көлеміне бақылау жасауды күшейту

г) алкоголь өніміне ең төмен бағалар белгілеу;

Мақсаты: алкоголь өнімін ресми емес өндіруге қарсы күрес, ресми

емес және ресми өндірістер өнімінің бірлігі үшін бағаларды теңестіру (N 9-кестені қараңыз)

д) алкоголь өнімін босатуға арналған құжаттың бірыңғай нысанын енгізу (N 1 қосымшаны қараңыз)

Мақсаты: алкоголь өнімінің айналысына бақылау жасауды күшейту

е) лицензиясыз қызметтің жолын кесу жөніндегі жедел жұмыс;

Мақсаты: алкоголь өнімін ресми емес өндіруге қарсы күрес

ж) алкоголь өнімін өндірудің және оның айналымының баланстары жүйесін енгізу (N 6 суретті қараңыз)

Мақсаты: алкоголь өнімінің қозғалысын есепке алу және бақылау, алкоголь өнімін ресми емес өндіруге қарсы күрес.

2.1.3. Импорт саласында:

а) әкелінген этил спирті мен алкоголь өнімін сақтауға арналған кеден қоймалары мен УСҚ-лардың санын шектеу;

Мақсаты: импортталатын этил спирті мен алкоголь өнімінің көлемін және сапасын бақылау

б) тәркіленген этил спирті мен алкоголь өнімін жоюдың тәртібін енгізу;

Мақсаты: отандық тұтынушы мен тауар өндірушіні қорғау

в) лицензияларды беру кезінде этил спирті мен алкоголь өнімінің сапасы мен түрлеріне қойылатын өлшемдерді қатайту;

Мақсаты: отандық тұтынушыны қорғау.

г) лицензиясыз қызметтің жолын кесу жөніндегі жедел жұмыс;

Мақсаты: контрабандаға қарсы күрес, отандық тұтынушыны қорғау

д) Кедендік режиміндегі "еркін қойма", "еркін кеден" аймағында этил спирті мен алкоголь өнімдерін орналастыру мен пайдалануға жеке тыйым салулар мен шек қоюлар е н г і з у ;

Мақсаты: импортталатын этил спирті мен алкоголь өнімінің көлемін және сапасын б а қ ы л а у .

2.1.4. Көтерме сауда саласында:

а) көтерме сауда фирмаларын бірдейлендіруді және құжаттың бірыңғай

нысанын енгізу жолымен алкоголь өнімін сатудың тәртібін белгілеу;

Мақсаты: көтерме сауда фирмаларын ретке келтіру, алкоголь өнімінің ресми емес айналымына қарсы күрес

б) жаңа үлгідегі акциз таңбаларын мерзімді түрде енгізу;

Мақсаты: алкоголь өнімінің ресми емес айналымына қарсы күрес

в) лицензиясыз қызметтің және алкоголь өнімін іске асырудың тәртібін бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі жедел жұмыс;

Мақсаты: алкоголь өнімінің ресми емес айналымына қарсы күрес және көтерме сауда фирмаларын ретке келтіру

г) көтерме сауда баланстарының жүйелерін енгізу;

Мақсаты: алкоголь өнімінің қозғалысын есепке алу және бақылау.

2.1.5. Бөлшек сауда саласында:

а) бөлшек сауданы лицензиялауды енгізу;

Мақсаты: бөлшек сауда саласын ретке келтіру

б) бөлшек сауданың жаңа тәртіптерін әзірлеу және енгізу;

Мақсаты: бөлшек сауданың нормалары мен ережелерін айқындау

в) лицензиялық қызметтің және бөлшек сауда тәртібін бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі жедел жұмыс;

Мақсаты: алкоголь өнімінің заңсыз айналымына қарсы күрес және бөлшек сауда саласын ретке келтіру.

г) бөлшек саудаға баланстар жүйесін енгізу (N 6 суретті қараңыз);

Мақсаты: бөлшек саудаға есеп және бақылау енгізу

д) бөлшек саудаға біліктілік талабын дайындау;

Мақсаты: бөлшек сауда саласын тәртіпке келтіру.

2.2. Салық салуды жетілдіру

2.2.1. Этил спиртінің 100 %-ін негізге ала отырып акциз ставкаларын есептеу;

Мақсаты: алкоголь өнімінің түр-түрін кеңейтуді ынталандыру, істі әлсіз алкогольді сусындарды тұтыну жағынан күшейту.

2.2.2. Қызмет түрлері бойынша лицензиялық алымды саралап көбейту.

Мақсаты: көтерме сауда фирмаларының санын оңтайландыру және ірі бөлшек сауда компанияларын ынталандыру.

2.3. Алкоголь өнімінің сапасына қойылатын талаптарды жетілдіру

Алкоголь өнімінің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында:

2.3.1. Республикалық дәмін айыру комиссиясын құру;

Мақсаты: республикада өндірілетін және импортталатын этил спирті мен алкоголь өнімінің сапасын бағалау және бірдейлендіру

2.3.2. Технологиялық жабдықты пайдалануды регламенттейтін өндірудің технологиялық паспортының жүйесін, шикізаттың шығынын және сапасына кепілдік берілген дайын өнімнің шығыны нормасын әзірлеу және енгізу.

Мақсаты: этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру жөніндегі регламентпен нақты к а с і п о р ы н д ы б а й л а н ы с т ы р у .

2.3.3. Стандарттау метрология және сертификаттау органдарының алкоголь өнімін өндіру, сақтау, тасымалдау, сертификаттау саласында осы саладағы уәкілетті органның келісімімен ғана нормативтік техникалық және нормативтік құқықтық құжаттаманы б е к і т у і .

Мақсаты: өнімнің сапасын бақылау саласында бірыңғай және дәйекті саясат жүргізу

2.3.4. Белгіленген кеден қоймаларында және УСҚ-ға әкелінген этил спирті мен

алкоголь өнімін тіркелген лабораториялардың міндетті түрде сертификаттауы.

Мақсаты: әкелінетін алкоголь өнімінің сапасын бақылау.

2.4. Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы саласында бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы және оны үйлестіру

Алкоголь өнімдерінің өндірісіне бақылауды тиімді жүзеге асыру мақсатында мыналармен үйлестіру байланысын дамыту қажет:

2.4.1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетімен импорт, экспорт транзит бөлігінде;

2.4.2. Қазақстан Республикасының Салық полициясы комитетімен, Ішкіісминімен және ҰҚК-мен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы саласындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстар бөлігінде;

2.4.3. Қазақстан Республикасының Энергетика индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетімен нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу және бекіту бөлігінде;

2.4.4. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен белгілі бір ақпаратты дайындау бөлігінде;

2.4.5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің аумақтық органдарымен акциз бекеттерінің қызметін құру және электронды почта арқылы акциздердің түсуі туралы деректер алу бөлігінде;

2.4.6. "ҚазАлко" Алкоголь өнімін өндірушілер ассоциациясымен;

2.4.7. ДСҰ келісімдеріне және сауда жөніндегі басқа да Келісімдерге сәйкестікке к е л т і р у ;

2.4.8. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Денсаулық сақтау комитетімен салауатты өмір салтын насихаттау және пациенттерді оңалтуға арналған шараларды күшейту бөлігінде;

2.4.9. Іс-қимылды үйлестіру және бірлескен шешімдер мақсатында көршілес мемлекеттердің тиісті органдарымен және Кеден одағына мүше елдермен Келісімдер ж а с а с у .

2.5. Кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етуді дамыту

Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын жан-жақты бақылауды жүзеге асыру үшін қойылған міндеттерге сай келетін кадрлық, ғылыми-әдістемелік және бұдан ешбір кем емес ақпараттық-технологиялық қамтамасыз е т у к ө з д е л і н е д і :

2.5.1. Кадрларды даярлау жоспарында қызметкерлерді мамандандырылған оқу орындарында оқыту және біліктілігін көтеру сондай-ақ қатаң іріктеу өлшемдері бойынша мамандарды тарту көзделінеді. Таяу және алыс шет елдің тиісті органдарымен тәжірибе алмасудың тұрақты ұйымдастырылған жүйесі жүргізіледі.

2.5.2. Бағдарламаны ақпараттық-технологиялық техникалық қамтамасыз

ету Комитеттің жанынан аймақтық қызметтермен, тиісті министрліктермен және ведомстволармен байланыстағы, этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы рыногының барлық субъектілерінен жедел және ақиқат ақпараттың түсуін қамтамасыз ететін дамыған компьютерлік желі мен байланыс арқылы жұмыс істейтін "Спирт және алкоголь" автоматтандырылған деректер базасын құруды көздейді.

2.5.3. Алкоголь өніміне акциздердің ставкаларын ғылыми-әдістемелік айқындауды әзірлеу.

2.6. Спирт пен алкоголь өнімінің айналымын мемлекеттік реттеу мен бақылау жүйесінде аймақтық саясатты жетілдіру

Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында жергілікті жерлерде мыналар көзделінеді:

2.6.1. Аймақтар бойынша этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру үшін тең экономикалық және өзге де жағдайларды қамтамасыз ету ("еркін қойма", еркін кеден аймағы" режимінде алкоголь өнімін өндіруге тиым салу және басқа да жеңілдіктерге т и ы м с а л у) ;

Мақсаты: этил спирті мен алкоголь өнімін өндірушілер үшін қолайлы бәсекелестік о р т а қ ұ р у .

2.6.2. Алкоголь өнімін бөлшек сатуды дамыту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру ;

Мақсаты: алкоголь өнімінің айналымын күшейту және контрабандаға қарсы күрес.

3. Бағдарламаны іске асырудың тетігі

Бағдарлама көзделген іс-шараларды оны іске асыру жөніндегі Іс-қимыл жоспарына сәйкес кезең-кезеңмен орындауды, іс-шараларды өнеркәсіп өндірісін көтеру және

дамыту саласындағы жалпы мемлекеттік саясатпен байланыстыруды және бюджеттің жоғары кірісті болуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ "Қазақстан-2030" Стратегиясына сәйкес әзірленген "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шараларды көздейді.

Бұдан басқа Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылып жүрген нормативтік және құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, Үкіметке және қажеттілігіне қарай Бас Прокуратураға ұсыныстар енгізуді көздейді. Сондай-ақ алкоголь саласында қылмыстың кең етек алуына байланысты Қауіпсіздік кеңесінің мәжілістерінде ұдайы тыңдаулар жүргізу қажет.

4. Бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету

Ақпараттық технологиялық қамтамасыз етуді қалыптастыру және дамыту бөлігінде (желілік компьютерлендіру, ақпараттық қамтамасыз ету мен деректер базасын ұйымдастыру, баланстарды жүргізу үшін арнаулы статистиканы енгізу және т.б). Бағдарламаны қаржыландыру республикалық та және жергілікті бюджеттердің есебінен, демеушілер асырылатын болады.

Сондай-ақ банктердің, халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты, шетел техникалық қаражаты мен консультативтік көмегі тартылатын болады.

5. Күтілетін нәтижелер

Күтілетін нәтижелерді қарау кезінде қысқа уақыттық перспективада арақ пен ликер-арақ бұйымдарының алкоголь өнімнің рыногында басты және үстем өнім болып қалатындығын ескеру керек. Сондықтан салық түсімдерін және ресми және ресми емес рынок көлемдерінің арақатынасын болжау кезінде есеп алкоголь өнімінің осы тобы бойынша жүргізіледі.

7-11 суреттерде ұсынылған іс-шаралардың орындалуы арқасында заңды рыноктардың үлесінің ұлғайғаны көрсетілген.

Бағдарламаны іске асыру мемлекеттің тарапынан этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымына, шығарылатын өнімнің сапасына бақылауды қамтамасыз етуді, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттік органдардың арасындағы қатынастарды, қадағалау мен бақылауды реттеуге және алкогольдің заңды нарқын жасаудың бірыңғай мемлекеттік саясатының негізін жасауға мүмкіндік береді. Осыдан мынадай жәйттер туады:

- заңсыз әрекетпен күресудің ең төменгі әдісі - контрабандашылармен, жасырын істейтіндердің және т.б. алатын мүмкін кірістерін азайту;
- сапаға бақылауды қатайту отандық өнімнің бәсекеге қабілетін

арттырады, тұтынушыларды қорғайды, алкогольді теріс пайдалануға байланысты әлеуметтік шығындарды азайтады;

- алкоголь өнімнің өндірісіне салық ауыртпашылығын одан әрі көбейту нарық субъектілерінің бет-бағытын өзгертеді;

- этил спирті мен алкоголь өнімінің импорты және өндірісіне акциздік алым ставкаларын айқындау үшін ғылыми әдістемелік тәсілдерді жасау қажет.

Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік реттеуді күшейтудің 1999-2000 жылдарға арналған негізгі бағыттарын кезең-кезеңмен іске асыру іс-шараларының тізбесі

2.1. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын бақылау мен баланстарының жүйесін құру

N №Іс-шаралардың атауы Аяқтау нысаны Атқару Атқарылуына мерзімі жауаптылар

2.1.1 Этил спиртіні өндіру саласында

- 1) Этил спиртіні өндіруге, Қазақстан 1999 III МКМ, АӨӨАМБК сақтауға және сатуға Республикасы тоқсан арналған лицензияларды Үкіметінің беру кезінде лицензия қаулысы лаудың біліктілік талаптары мен ережелерін қатайту
- 2) Салық органдарының спирт Мемлекеттік 1999 мамыр МКМ, АӨӨАМБК, зауыттарында акциздік кіріс министрі. облыстық салық бекеттерін енгізу нің "Этил комитеттері спирті мен алкоголь өнімін өндіруші ұйым. дардағы акциз бекеттерінің ережесін бекіту туралы" бұйрығы

- 3) Этил спиртіне ең төмен Қазақстан 1999 III МКМ, Әділетмині, бағалар белгілеу Республикасы тоқсан Қаржымині, АӨӨАМБК, Үкіметінің ҚРТМРЖБҚА қаулысы
- 4) Этил спиртінің өндірісі. Қазақстан 1999 МКМ, Әділетмині, нің ең төменгі көлемін Республикасы III тоқсан Қаржымині, ЭИЖСМ, белгілеу Үкіметінің АӨӨАМБК, ҚРТМРЖБҚА қаулысы
- 5) Лицензиясыз қызметтің Тексеру үнемі АӨӨАМБК жолын кесу жөніндегі материалдары жедел жұмыс бойынша ұйғарымдар
- 6) Этил спиртін өндіру мен Мемлекеттік 1999 II АӨӨАМБК айналымының баланстары. кіріс министрі. тоқсан ның жүйесін енгізу нің бұйрығы
- 7) Этил спиртін босату үшін Мемлекеттік 1999 АӨӨАМБК бірыңғай нысандағы құ. кіріс министрі. шілде жаттар енгізу нің бұйрығы

2.1.2. Алкоголь өнімін өндіру саласында

- 1) Есептеуді автоматтандыру Комитет 1999 АӨӨАМБК, төрағасының қазан "ҚазАлкоОрт" РМК бұйрығы
- 2) Этил спиртін өндіруге, Қазақстан 1999 МКМ, АӨӨАМБК сақтауға және сатуға Республикасы шілде арналған лицензияларды Үкіметінің беру кезінде лицензия. қаулысы лаудың біліктілік талаптары мен ережелерін қатайту
- 3) Салық органдарының Мемлекеттік 1999 МКМ, НК, АӨӨАМБК, ликер-арақ бұйымдарын кіріс министрі. тамыз облыстық салық

өндіретін зауыттарда нің "Этил комитеттері
 акциздік бекеттерін спирті мен
 енгізу алкоголь өнімін
 өндіруші ұйым.
 дардағы акциз
 бекеттерінің
 ережесін бекіту
 туралы" бұйрығы

- 4) Алкоголь өніміне ең Қазақстан 1999 МКМ, Әділетмині,
 төмен бағалар белгілеу Республикасы ІІІ тоқсан Қаржымині,
 Үкіметінің АӨӨМБК, ТМРЖБҚА
 қаулысы
- 5) Алкоголь өнімі өндірісі. Қазақстан 1999 МКМ, Әділетмині,
 не ең төменгі көлемін Республикасы ІІІ тоқсан Қаржымині,
 белгілеу Үкіметінің АӨӨМБК, ТМРЖБҚА
 қаулысы
- 6) Алкоголь өнімін босатуға Мемлекеттік 1999 АӨӨАМБК
 арналған құжаттардың кіріс министрі. маусым
 бірыңғай нысанын енгізу нің бұйрығы
- 7) Лицензиясыз қызметтің Тексеру мате. үнемі АӨӨАМБК
 жолын кесу жөніндегі риалдары бойын.
 жедел жұмыс ша ұйғарымдар
- 8) Алкоголь өнімін өндіру Мемлекеттік 1999 ІІ АӨӨАМБК
 айналымына баланстар кіріс министрі. тоқсан
 жүйесін енгізу нің бұйрығы

2.1.3. Импорт саласында

- 1) Алкоголь өнімі мен этил Қазақстан 1999 МКМ, АӨӨАМБК, КК,
 спиртіні әкелуді ретке Республикасы ІІІ тоқсан "Теміржол" РМК,
 келтіру. Әкелінетін Үкіметінің "Кедентранс-сервис"
 этил спирті мен алкоголь қаулысы РМК
 өнімін УСҚ және ресімдеу
 бойынша кеден бекеттері.

нің санын шектеу

- 2) Тәркіленген этил спирті Қазақстан 1999 МКМ, СПК, КК,
мен алкоголь өнімін Республикасы III АӨӨМБК, ҰҚК, ПМ
жоюдың тәртібі Үкіметінің тоқсан
қаулысы
- 3) Импортқа лицензия беру Алкоголь өнімі 1999 АӨӨАМБК
кезінде этил спирті мен импортының III тоқсан
алкоголь өнімінің сапа. көлемдерін
сына және түрлеріне орналастыруға
қойылатын өлшемдерді (квоталарына)
қатайту конкурстар
өткізудің тәртібі
мен шарттары
туралы ереже
- 4) Лицензиясыз қызметтің Тексеру үнемі ПМ, МКМ, СПК,
жолын кесу жөніндегі материалдары АӨӨАМБК
жедел жұмыс бойынша
ұйғарымдар
- 5) Кеден режимі "еркін Қазақстан 1999 МКМ, Әділетмині,
қойма", "еркін кеден Республикасы II жарты АӨӨАМБК
аймағы" кеден бажы, Үкіметінің жылдық
салық және экономика. қаулысы
лық саясат шараларына
байланысты босатылатын
жеңілдіктерді алып тастау

2.1.4. Көтерме сауда саласында

- 1) Көтерме сауда фирмаларын Қазақстан 1999 МКМ, АӨӨАМБК
бірдейлендіруді және Республикасы II жарты
бірыңғай құжаттың нысанын Үкіметінің жылдық
енгізу арқылы белгілі қаулысы
бір тәртіп орнату
- 2) Жаңа үлгідегі акциз Қазақстан 1999 МКМ, Әділетмині,

таңбаларын енгізу Республикасы сәуір Қаржымині,
Үкіметінің АӨӨМБК,
қаулысы

- 3) Лицензиясыз қызметтің Тексеру үнемі ІІМ, МКМ, СПК,
жолын кесу жөніндегі материалдары АӨӨАМБК
жедел жұмыс бойынша бұйрық-
нұсқамалар
- 4) Көтерме сауда баланс. Мемлекеттік 1999 АӨӨАМБК
тарының жүйелерін кіріс министр. ІІІ тоқсан
енгізу інің бұйрығы

2.1.5. Бөлшек сауда саласында

- 1) Бөлшек сауданы лицен. "Лицензиялау 1999 ІІІ МКМ, ӘМ, ТМРЖБҚА,
зиялауды енгізу туралы" Жарлыққа тоқсан ҚМ, ЭИЖСМ
өзгеріс енгізу
- 2) Бөлшек сауданың жаңа ЭИЖСМ бұйрығы 1999 ІІ ЭИЖСМ
ережелерін әзірлеу жарты
және енгізу жылдық
- 3) Лицензиясыз қызметтің Тексеру ұдайы ІІМ, МКМ, СПК,
жолын кесу жөніндегі материалдары АӨӨАМБК
жедел жұмыс бойынша ұйғарым
- 4) Бөлшек сауданың баланс. Мемлекеттік 1999 АӨӨАМБК
тар жүйесін енгізу кіріс министр. ІІІ тоқсан
інің бұйрығы
- 5) Бөлшек саудаға біліктілік ҚР Үкіметінің 1999 МКМ, ЭИЖСМ,
талаптарын әзірлеу қаулысы ІІІ тоқсан АӨӨАМБК

2.2. Салық салуды жетілдіру

- 2.2.1. Этил спиртінің 100% Қазақстан 2000 МКМ, ЭИЖСМ,
есептелетін алкоголь Республикасы І тоқсан Қаржымині,

өнімінің түрлері Үкіметінің АӨӨАМБК
бойынша ішкі өндіріске қаулысы
акциз алымының саралан.
ған ставкаларын енгізу

2.2.2. Қызметтің түрлері Қазақстан 1999 МКМ, ЭИЖСМ,
бойынша сараланған Республикасы III тоқсан Қаржымині,
лицензиялық алымды Үкіметінің АӨӨАМБК
өсіру "ҚР Министрлер
Кабинетінің
қаулысына өзге.
рістер мен то.
лықтырулар енгізу
туралы" 16.08.1995 ж.
N 1127 қаулысы

2.3. Алкоголь өнімінің сапасына қойылатын талаптарды жетілдіру

2.3.1. Республикалық мемле. АӨӨАМБК 1999 МКМ, АӨӨАМБК,
кеттік дәмін айыру бұйрығы III тоқсан СМЖСК, ЭИЖСМ, ДБСМ
комиссиясын құру Денсаулық сақтау
комитеті, "ҚазАлко"
ассоциациясы

2.3.2. Этил спирті өндіруші Қазақстан 1999 IV МКМ, АӨӨАМБК,
кәсіпорындардың тех. Республикасы тоқсан "ҚазАлкоОрталық"
нологиялық паспортын Үкіметінің РМК
енгізу қаулысы

2.3.3. Стандарттау, метро. ұдайы СМЖСК, ЭИЖСМ,
логия және сертификат. АӨӨАМБК
тау органдары
нормативтік техникалық
және нормативтік құқықтық
құжаттаманы АӨӨАМБК мен
келісе отырып бекітуі

2.3.4. Белгіленген кеден қой. Мемлекеттік 1999 КҚ, СМЖСК, ЭИЖСМ,
маларында және УСҚ-да кіріс ІҮ тоқсан АӨӨАМБК,

әкелінген этил спирті министрінің "Кедентранссервис"
мен алкоголь өнімінің бұйрығы РМК
тіркелген лабораторияның
міндетті сертификаттауы

2.4. Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы саласында
бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы
және оны үйлестіру

N	№	Іс-шаралардың атауы	Аяқтау нысаны	Атқару	Атқарылуына
p/c			мерзімі	жауаптылар	
2.4.1.	-	Кеден комитетімен,	Келісім	1999 II	МКМ, АӨӨАМБК, ЭИЖСМ,
2.4.4.		Салық полициясы коми. тетімен, Ұлттық ста. тистика агенттігімен, Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетпен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы келісім		тоқсан	КК, СПК, Ұлтагенттік
2.4.11.		Көршілес мемлекет. тердің тиісті орган. дарымен және Кеден одағына мүше елдермен Келісімдер жасасу	Келісім	IY тоқсан 1999-I тоқ. сан 2000 ж.ж.	МКМ, СИМ, АӨӨАМБК,

2.5. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

2.5.1. Алкоголь өнімін заңсыз "Қазақстан 1999 II МКМ, ҰҚК, ПМ
өндіру және оның айна. Республика. жарты
лымы үшін қылмыстық сының кейбір жылдық
және әкімшілік заң актіле.
жауаптылықты енгізу ріне өзгеріс.
тер мен толық.
тырулар енгізу
туралы" Қазақстан

Республикасының
Заңы

2.5.2. Этил спирті мен алко. "Лицензиялау 1999 II МКМ, ҚМ, ӘМ, ЭИЖСМ
голь өнімін өндіру туралы" жарты
және оның айналымы Президенттің жылдық
жөніндегі қызметпен Жарлығына
айналысуға арналған толықтырулар
мерзімдік лицензия. енгізу туралы
ларды енгізу Заң

2.5.3. "Алкоголь өнімінің Заң 1999 II МКМ, ҚМ, ӘМ, ЭИЖСМ
өндірілуі мен айна. жарты
лымы жөніндегі қыз. жылдық
метпен айналысуға
арналған мерзімдік
лицензияларды енгізу

2.6. Кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-технологиялық
қамтамасыз етуді дамыту

N №	Іс-шаралардың атауы	Аяқтау нысаны	Атқару	Атқарылуына
p/c		мерзімі	жауаптылар	

2.6.1. Алкоголь саласы үшін Бағдарлама 1999 III СЖЖРА, МКМ, ДСЖСМ,
білікті кадрларды тоқсан АӨӨАМБК, "ҚазАлко"
даярлаудың жүйесін ассоциациясы
құру

2.6.2. "Спирт және алкоголь" Арнайы 1999 III АӨӨАМБК,
бағдарламасын және бағдарламалар тоқсан "ҚазАлкоОрталық"РМК
лицензиаттар беретін блогы
мәлімдеулерді өңдеу
жөніндегі кіші бағдар.
ламаларды әзірлеу

2.6.3. Алкоголь өніміне Ақпараттық 1999 ІҮ МКМ, Қаржымині,
арналған акциздердің материалдар тоқсан ЭИЖСМ
ставкаларын ғылыми
әдістемелік айқындауды
өзірлеу

2.7. Спирт пен алкоголь өнімінің айналымын мемлекеттік реттеу және
бақылау жүйесінде аймақтық саясатты жетілдіру

N	№	Іс-шаралардың атауы	Аяқтау нысаны	Атқару	Атқарылуына
p/c			мерзімі	жауаптылар	

2.7.1.	Аймақтар бойынша	Нормативтік	ұдайы	МКМ, АӨӨАМБК
	этил спирті мен	құқықтық акт		
	алкоголь өнімін			
	өндірушілер үшін			
	тең экономикалық			
	және өзге де			
	жағдайларды қамта.			
	масыз ету			

2.7.2.	Алкоголь өнімінің	Тұжырымдама	1999 жылғы	Жергілікті атқару
	бөлшек сатылуының	ІІІ тоқсан	өкіметі	органдары
	дамуы жөнінде			
	іс-шараларды іске			
	асыру			

МКМ - Мемлекеттік кіріс министрлігі

ӘМ - Әділет министрлігі

ЭИЖСМ - Энергетика, индустрия және сауда министрлігі

СПК - Салық полициясы комитеті

КК - Кеден комитеті

ҰҚК - Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ІІМ - Ішкі істер министрлігі

ЭИЖСМ СМЖСК - Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет

ДБЖСМ - Денсаулық сақтау және спорт министрлігі

СЖЖРА - Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік

АӨӨАМБК - Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік

бақылау жөніндегі комитет

ТМРЖБҚА - Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттік

Акциздер ставкалары өзгеруінің спиртке, этил спиртің, ликер-арак бұйымдарын өндіру көлеміне 1996-1998 ж.ж. кезеңіндегі және 01.03.99 ж. жағдайы бойынша әсері

1 сурет (қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Өнімнің атауы	Мерзімі	Акциз	Өнімнің	Мерзімі	Акциз
	ставкасы	атауы	ставкасы		
Арак	20.07.95ж. (ППРК N 974 от 14.07.95ж.	0,7	Спирт	01.12.97ж. (ППРК 1644 от 24.11.97ж.)	0,3
Спирт	"-	3,5	Спирт	01.07.98ж. ҚР Заңы N 225-1 өндірістегі спирт есепке алынбайды)	0,3
ЛАБ	"-	0,6	ЛАБ, күш сус.	31.12.98 (ППРК N1381)	0,7
Спирт (А.Ө.) арналған	25.03.96 ж. (ППРК N 341)	-			
Спирттің барлық	10.01.97 ж. (ППРК N 1747 от 31.12.96 ж.)				
"ЛАБ басқаңқос." Толық	10.01.97 ж. (ППРК N 41)				

2 сурет

Этил спирті мен алкоголь өнімін өндірудің 1996-1998 жылдардағы
1985 (базалық) жылмен салыстырғандағы көлемі

(қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Алкоголь рыногының жай-күйі

Қазақстан Республикасында алкоголь өнімінің түрлері бойынша
және облыстар тұрғысындағы белгіленген қуаттар
(01.01.1999 жылдағы жай-күйі бойынша)

№ 1 кесте

Облыстардың атауы	Өнімдердің атауы	Кәсіпорындардың саны	Белгіленген қуаттар (мың.дал)
Ақмола	Спирт	2 (оның ішінде 1 ЛАЗ)	914
	Арақ және ЛАБ	4	2630
	Сыра	6 (оның ішінде 1 ЛАЗ)	1477,6
Ақтөбе	Спирт	2 (оның ішінде 1 ЛАЗ)	970
	Арақ және ЛАБ	4	1902
	Сыра	5	450,1
	Шарап	1	28,8
Алматы	Спирт	1	915
	Арақ және ЛАБ	22	6894,2
	Сыра	16	7227
	Шарап	31 (оның ішінде 12ЛАЗ)	7313
	Коньяк	2 ЛАЗ	300
	Шампан	1 ЛАЗ	107
Атырау	Арақ және ЛАБ	1	100
	Сыра	2 (оның ішінде 1 ЛАЗ)	38
Шығыс	Спирт	2 ЛАЗ	1525

Қазақстан	Арақ және ЛАБ	4	6627,8
	Сыра	10	1028
	Шарап	2 ЛАЗ	200
Жамбыл	Спирт	2 ЛАЗ	2562,5
	Арақ және ЛАБ	4	6260
	Сыра	5	943
Батыс Қазақстан	Арақ және ЛАБ	2	1400
	Сыра	1 ЛАЗ	1000
Қарағанды	Арақ және ЛАБ	3	1250
	Сыра	3	930
	Шарап	2 ЛАЗ	100
Қызылорда	Арақ және ЛАБ	1	600
	Сыра	1 ЛАЗ	1,5
	Шарап	1	19,9
Қостанай	Спирт	1 ЛАЗ	762,5
	Арақ және ЛАБ	7	6065
	Сыра	5 (оның ішінде 4 ЛАЗ)	2060,2
	Шарап	9 (оның ішінде 4 ЛАЗ)	1783
Маңғыстау	Сыра	2	160
Павлодар	Спирт	1 ЛАЗ	610
	Арақ және ЛАБ	3	1470
	Сыра	4 (оның ішінде 1 ЛАЗ)	1580
	Шарап	2 ЛАЗ	340
Солтүстік Қазақстан	Спирт	1	610
	Арақ және ЛАБ	7	4088
	Сыра	1 ЛАЗ	4000
	Шарап	3 (оның ішінде 2 ЛАЗ)	370
Оңтүстік Қазақстан	Спирт	2 ЛАЗ	854
	Арақ және ЛАБ	7	1905
	Сыра	1	7200

Шарап	15(оның ішінде 2 ЛАЗ)	10013,7
Коньяк	1 ЛАЗ	45

Қазақстан Республикасында алкоголь өнімінің түрлері бойынша 01.01.1999 жылдағы жай-күйі бойынша белгіленген қуаттар

2-кесте

Өнім атауы	Кәсіпорындардың саны (мың. дал)	Белгіленген қуаттар
Этил спирті	14 (оның ішінде 10 ЛАЗ)	9751,5
Арақ және ликер-арақ бұйымдары	69	41192
Шарап	73 (оның ішінде 28 ЛАЗ)	22111,4
Коньяк	3 (оның ішінде 3 ЛАЗ)	345
Шампан	1 (оның ішінде 1 ЛАЗ)	107
Сыра	57 (оның ішінде 10 ЛАЗ)	27152,4
Жиыны:	165	X

3-сурет (қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Этил спирті мен алкоголь өнімінің түрлері бойынша 01.01.1999 жылдағы жай-күйі бойынша белгіленген қуаттар

4-сурет

Меншік нышандары бойынша алкоголь өнімін өндіруші кәсіпорындар

01.01.1999 жылдағы жай-күйі бойынша республикада алкоголь өнімін өндіруді жүзеге асыратын 165 кәсіпорын бар, оның 14-і спирт зауыты.

Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруші кәсіпорындардың жалпы санынан: мемлекеттің қатысуында - 38(23%) және жеке - 127 (77%) (N 4 суретті қараңыз)

1996-1998 жылдардағы этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі

(мың дал)

№ 3 кесте

Жылдар Спирт Арақ және Шарап Шампан Коньяк Сыра
ЛАБ

1996	2330	4885	1020	13,5	62	6372
1997	5184	9711	1104	19,5	57	6914
1998	5748,1	9167,5	1947,3	54	94,8	8517,9

5, 6-суреттерді (қағаздағы нұсқадан қараңыз)

№ 4 кесте

Акциздердің алкоголь өнімін өндіруден 1996-1998 жылдардағы түсуі

Өнімнің атауы	1996	1997 жыл		1998 жыл		
		Жоспар орындау (%)	Іс жүзінде	Жоспарды орын. дау	Жоспар Іс жүзінде	Жоспар.

Спирт	132,1	333	191	57,3	392	1256	320,4
Арақ және ЛАБ	1851,5	5786	3719	64,3	5183	4221	81,4

Шарап және ш/м	295	463	208,3	45	329	229	70
----------------	-----	-----	-------	----	-----	-----	----

Коньяк	10,9	42	17,6	42	16	7	43,7
Шампан	44,5	73	21	28,7	56	7	12,5
Сыра	411,4	417	288,2	69,2	324	366	113

Жиыны:	2745,4	7114	4445,1	62,5	6300	6086	97
--------	--------	------	--------	------	------	------	----

№ 5 кесте

Акциздердің алкоголь өнімін өндіруден 1996-1998 жылдарда облыстар тұрғысында түсуі

Облыстардың атауы	1996 жыл	1997 жыл	1998 жыл	97/96 өсу	97/98
	қарқыны				

Ақмола	389,9	452,9	772,6	116,2	170,5
Ақтөбе	225,1	330,8	336	146,4	101,6
Алматы	134,5	209,5	289,5	155,7	138,2
Алматы қаласы	457,7	444,3	285,9	97,1	86,6
Атырау	0,8	1,1	1,4	137,5	127,2
Шығыс Қазақстан	551,2	815,9	1108,3	148	135,8
Жамбыл	102,8	347,2	876,4	337,7	252,4
Батыс Қазақстан	143,5	144,8	126,6	100,9	87,4
Қарағанды	296,6	95,1	125	32,1	131,4
Қызылорда	58,5	70,2	57,8	120	82,3
Қостанай	128,3	678,7	985	528,9	145
Маңғыстау	8,7	2,2	3,9	25,3	177,3
Павлодар	34,2	296,4	253,8	866,7	85,6
Солтүстік Қазақстан	62,5	406,2	422,8	649,9	104,1
Оңтүстік Қазақстан	151,1	149,8	341	99,1	227,6
Жиыны:	2745,4	4445,1	6086	161,9	136,9

Алкоголь өнімімен бөлшек сауда

№ 7-сурет (қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Алкоголь өнімімен көтерме сауда

Арақ пен арақ-ликер бұйымдарын сатудың көлемі 1998 жылы 8,2 млн. дал болды, бұл республиканың жалпы тұтынысының 52%-ін құрайды.

№ 8-сурет (қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Этил спиртіні өндіру

Республикада спиртке қажеттілік 6,5 млн. далды құрайды. 1998 жылы республикада 5,7 млн. дал спирт өндірілді, оның 4,1 млн. дал сатылды, осылайша отандық өндірушілер өндірген спирттің айналымы жалпы республикалық қажеттіліктің 63% құрады.

№ 9-сурет (қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Алкоголь өнімін өндіру

1998 жылдың қорытындысы бойынша арақ пен ликер-арақ өнімін өндірудің көлемі 9,2 млн. дал болды, бұл республика бойынша тұтастай алғанда нақты қажеттіліктің 61% құрайды.

№ 10-сурет (қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Этил спирті мен алкоголь өнімінің импорты

Республикада спиртке деген қажеттілік 6,5 млн. далды құрайды. 1998 жылы 4,1 млн. дал этил спирті пайдаланылды. 2,4 млн. дал спирт ресми импорт пен контрабанданың есебінен толтырылды. Ал 1998 жылы республикаға 1377 мың дал этил спирті импортталды, мұнда оның ресми көлемінің деңгейі 57% болды.

№ 11-сурет (қағаздағы нұсқадан қараңыз)

№ 12-сурет (қағаздағы нұсқадан қараңыз)

1-қосымша

Бірыңғай тауар құжатын енгізуге түсіндірме жазба

Құжаттың әр түрлі түстегі мынадай үш түрі енгізіледі:

- этил спиртіні босату бойынша;
- алкоголь өнімін босату бойынша;
- алкоголь өнімін көтерме тиіп-жөнелту бойынша.

Құжатта мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

Этил спирті мен алкоголь өнімін босатқаны туралы мәлімет:

- тиіліп-жөнелтілген өнімнің дал. (шөлмек) көлемі;

- Сәйкестік сертификаты (берген орган, нөмірі, берілген күні);
- мерзімі, тауар белгісін тіркеген куәліктің нөмірі;
- шыққан уақыты;
- акциздік таңбамен таңбаланғаны (нөмірі, сериясы).

2) Сатушы-ұйым туралы мәлімет:

- Сатушы ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, берілетін мекен-жайы;
- Лицензияның нөмірі, оны берген орган;
- СТН;
- Өнімнің көлемі дал (шөлмек);
- Өнімді акциздік таңбамен таңбалау (нөмірі, сериясы);
- Тиеп-жөнелтілген күні.

3) Сатып алушы ұйым туралы мәлімет:

- Сатып алушы ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, берілетін мекен-жайы;
- Лицензияның нөмірі, оны берген орган;
- СТН;
- Өнімнің көлемі дал (шөлмек);
- Өнімді акциздік таңбамен таңбалау (нөмірі, сериясы);
- Тиеп-жөнелтілген күні.

Құжатқа міндетті түрде бірдейлендіру кодының нөмірі көрсетіледі.

Бірыңғай тауар құжаты қатаң талап етілетін, есепке кіретін құжат болып табылып, жеті мәнді нөмірдің және басқа да қорғаныш дәрежесі болуы керек.

Бірыңғай тауар құжаты алкоголь өнімінің қозғалысын, өндірілгеннен пайдаланғанға дейінгі барлық кезеңдерін реттеуге және бақылауға арналған.

Оқығандар:

Орынбекова Д.

Кобдалиева Н.